

Ертіс ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеу Қағидаларын бекіту туралы

Павлодар облысы Ертіс ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 23 ақпандығы № 55/1 қаулысы Қазақстан Республикасы Экология кодексінің 365 - бабы 4 -тармағының, 6) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына сәйкес, Ертіс ауданы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Ертіс ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеу Қағидалары осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ертіс ауданының әкімі

A. Бейсекин

Ертіс ауданы әкімдігінің
2022 жылғы "23" ақпандығы
№ 55/1 қаулысымен
бекітілген

Ертіс ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің Қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелері

1. Ертіс ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің осы қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Экология Кодексінің 365-бабы 4-тармағының 6) тармақшасына сәйкес өзірленді және коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің тәртібін айқындайды.

2. Коммуналдық қалдықтар деп мынадай тұтыну қалдықтары түсініледі:
 - 1) өзгермен қатар қағаз бен картонды, шыныны, металдарды, пластмассаны, органикалық қалдықтарды, сүректі, тоқыманы, қаптаманы, пайдаланылған электр және электрондық жабдықтарды, батареялар мен аккумуляторларды қоса алғанда, үй шаруашылықтарының аралас қалдықтары мен бөлек жиналған қалдықтары;
 - 2) егер аралас қалдықтар және басқа көздерден бөлек жиналған қалдықтар өзінің сипаты мен құрамы бойынша үй шаруашылықтарының қалдықтарына ұқсас болса, осындай қалдықтар.

Коммуналдық қалдықтарға өндіріс, ауыл шаруашылығы, орман шаруашылығы, балық аулау, септиктер мен көріз желілері, сондай-ақ сарқынды судың тұнбасын қоса алғанда, тазарту құрылыштары қалдықтары, пайдаланудан шығып қалған көлік құралдары немесе құрылыш қалдықтары кірмейді.

Тұтыну қалдықтарына адамның тыныс-тіршілік әрекеті нәтижесінде түзілген қалдықтар, өзінің тұтыну қасиеттерін толық немесе ішінәра жоғалтқан өнімдер және (немесе) бұйымдар, олардың қаптамасы және агрегаттың жай-күйіне қарамастан жарамдылық не пайдалану мерзімі біткен, сондай-ақ меншік иесі өз бетінше физикалық түрде құтылған не тұтыну қалдықтарының қатарына құжатпен аударған өзге де заттар немесе олардың қалдықтары жатады.

3. Коммуналдық қалдықтардың қауіпті құрауыштары (электрондық және электр жабдықтар, құрамында сынап бар қалдықтар, батарейкалар, аккумуляторлар және өзге де қауіпті құрамдастар) бөлек жиналуға және арнайы бейімделген кәсіпорындарға қалпына келтіруге берілуге тиіс.

2-тaraу. Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеу тәртібі

4. Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары тұрғын үй қорының барлық объектілері, тұрғын емес үй-жайлар үшін жеке-жеке белгіленеді.

5. Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес тұрғын үй қорының барлық объектілері үшін және тұрғын емес үй-жайлар бойынша анықталады.

6. Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары кейіннен есептік бірлікке жинақталу көлемін кейін есептей отырып, заттай өлшеу жүргізу жолымен анықталады.

7. Заттай өлшеулер жүргізу үшін көріктендіру әртүрлі деңгейі бар екі үлгідегі тұрғын үй қорының объектілері бөлінеді:

1) тұтынушыларға коммуналдық қызметтерді ұсыну үшін пайдаланылатын үйішлік инженерлік коммуникациялары мен жабдықтары бар жайлы тұрғын үй;

2) тұтынушыларға коммуналдық қызмет көрсету үшін пайдаланылатын үйішлік инженерлік коммуникациялары мен жабдықтары жоқ жайлы емес тұрғын үй.

8. Халықтан түзілетін коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын айқындау үшін тұрғын халықтың участеклер абағандырудың әрбір түрі бойынша тұрғындардың жалпы санының 2%-ын қамти отырып бөлінеді.

9. Таңдап алынған объектілерде өлшеу жүргізу алдында жергілікті атқарушы органдар коммуналдық қалдықтарды жинау мен шығаруды жүзеге асыратын үйымдармен бірлесіп, осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандар бойынша тұрғын қоры мен тұрғын емес үй-жайлардың коммуналдық паспортын жасайды.

10. Түзілген және жинақталған коммуналдық қалдықтардың массасы мен көлемін анықтау үшін өлшеу сызығышы мен салмақ өлшеу жабдығы пайдаланылады.

11. Өлшеу алдында контейнердегі қалдықтар коммуналдық қалдықтарды жинау мен шығаруды жүзеге асыратын ұйыммен тәсестірледі және өлшеу сыйышының көмегімен қалдықтардың көлемі анықталады.

12. Жинақталған қалдықтардың массасы толтырылған контейнерлерді өлшеу және коммуналдық қалдықтарды жинау мен шығаруды жүзеге асыратын ұйымның бос контейнердің массасын одан әрі шегеру жолымен айқындалады.

13. Бір участкеде түзілген және жинақталған қалдықтардың жалпы көлемі арнайы техниканың (қоқыс тасығыштың) шанағын толтырған және басқа участкелерден қоқысты тиесін мүмкін болмаған кезде, қалдықтардың массасын қоқыс тиелген және бос машиналарды автомобиль таразысында өлшеу жолымен анықтауға жол беріледі.

14. Түзілген және жинақталған қалдықтардың массасы мен көлемі жөніндегі деректерді жергілікті атқарушы орган Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бастапқы жазба бланкісіне енгізеді.

15. Өлшеу бойынша бастапқы материалдарды өндегеннен кейін әрбір объектінің алынған деректері (массасы, көлемі) аптаның күндері бойынша қосылады және жергілікті атқарушы орган Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталуының жиынтық маусымдық ведомосына енгізеді.

16. Маусымдық өлшеулер жүргізілгеннен кейін жергілікті атқарушы орган осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталуының жиынтық жылдық ведомосына деректерді (масса, көлем) енгізеді.

17. Белгілі бір объекті бойынша өлшеу болжанып отырған коммуналдық қалдықтарды жинағанда басқа объектілердің коммуналдық қалдықтары араласып кетпеуге.

18. Қалдықтардың жинақталуын анықтаған кезде бірдей сыйымдылықтағы стандартты контейнерлер пайдаланылады. Қалдықтарды барынша толық есепке алу және біркелкі емес түзілу мен жинақталу коэффициентін анықтауға қосымша контейнерлер орнату көзделеді, оларды орнату қажеттілігі мен олардың саны тандап алынған участкелерді тексерген кезде нақтыланады.

Барлық контейнерлер толығымен тазалануы керек:

- 1) күн сайын әкету кезінде – өлшеу басталғанға дейін бір тәулік бұрын;
- 2) кесте бойынша әкету кезінде күн сайын – кесте бойынша әкетудің соңғы күні өлшеу аптасының алдында.

19. Өлшеу басталғанға дейін бір тәулік бұрын коммуналдық қалдықтарды жинау мен шығаруды жүзеге асыратын ұйым барлық контейнерлерді толық тазартуы тиіс.

20. Өлшеу бойынша бастапқы материалдарды өндеу олар жүргізілгеннен кейін келесі күннен кешіктірілмей жүргізіледі.

3-тaraу. Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеу

21. Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеу былайша жүргізіледі:

1) бір тәулікте объектіде коммуналдық қалдықтарды жинақтауға арналған бір контейнерде түзілген және жинақталған қалдықтардың көлемін анықтау (Vконт., M3):

$$V_{конт} = h * S$$

мұндағы h - контейнердің түбінен бастап жинақталған коммуналдық қалдықтардың жоғарғы нүктесіне дейінгі биіктік, м;

$$S - контейнер түбінің алаңы, м^2;$$

2) контейнерлік аланда коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталуының жалпы көлемін анықтау ($V_{тәу}, m^3$), егер контейнерлік аланда коммуналдық қалдықтарды жинақтауға арналған контейнерлердің саны бірден артық болса:

$$V_{тәу} = V_{конт1} + V_{конт2} + V_{конт3} \dots$$

мұндағы $V_{конт1}, V_{конт2}, V_{конт3}$ – контейнерлік аланда орналасқан әрбір контейнер бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталуының тәуліктік көлемі. Есептеу контейнерлік аланда орналасқан контейнердердің санына байланысты жүргізіледі;

3) коммуналдық қалдықтарды жинақтауға арналған контейнерде жинақталған коммуналдық қалдықтардың тәуліктік массасын анықтау (тконт., кг) мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$тконт = m_3 - m_p$$

мұндағы m_3 – қалдықтар тиелген контейнердің массасы, кг;

m_p – қалдықтардан бос контейнердің массасы, кг;

4) объектіде түзілген коммуналдық қалдықтардың тәуліктік массасын анықтау ($m_{тәу}, kg$) мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$m_{тәу} = тконт1 + тконт2 + тконт3 \dots$$

мұндағы тконт1, тконт2, тконт3 - контейнерлік аланда орналасқан әрбір контейнер бойынша коммуналдық қалдықтардың тәуліктік массасы. Есептеу контейнерлік аланда орналасқан контейнерлердің санына байланысты жүргізіледі;

5) өлшеулер контейнерлік алаңнан қалдықтарды шығарғанға дейін тәуліктің бір уақытында жүргізіледі. Өлшеулерді жүргізу кезеңі: жеті күн (үзіліссіз).

Өлшеулерді жүргізу мерзімдері: қыс-желтоқсан, қантар, ақпан; көктем-наурыз, сәуір, мамыр; жаз-маусым, шілде, тамыз; күз-қыркүйек, қазан, қараша.

Маусымдық кезең ішінде объектіде түзілген коммуналдық қалдықтардың көлемін анықтау ($V_{маус}, m^3$) мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$V_{маус} = V_{тәу1} + V_{тәу2} + \dots + V_{тәу7}$$

мұндағы $V_{тәу1}, V_{тәу2}$ – белгілі бір маусымда әр тәулік ішінде объектіде пайда болған коммуналдық қалдықтардың көлемі;

6) маусымдық кезең ішінде объектіде пайда болған коммуналдық қалдықтардың көлемін анықтау (тмаус, кг) мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$тмаус=ттәу1+ттәу2+...+ттәу7$$

мұндағы ттәу1 ттәу2 – белгілі бір маусымда тәулік ішінде объектідегі коммуналдық қалдықтардың массасы;

7) объектіде коммуналдық қалдықтардың түзілу көздерінің санынан коммуналдық қалдықтардың орташа маусымдық нормасын анықтау мынадай формула бойынша жүргізіледі:

көлемі бойынша (V_{tm} , м³):

$$V_{tm} = V_{maus}/(nxa)$$

massasы бойынша (ттм, кг):

$$ттм = тмаус/(nxa)$$

мұндағы n - маусымдық кезең ішінде бақылау тәулігінің саны;

a – есептік бірліктің саны.

8) объектіде есептік бірлікке коммуналдық қалдықтардың тәуліктік орташа жылдық нормасын анықтау мынадай формула бойынша жүргізіледі:

көлемі бойынша (V_{tom} , м³):

$$V_{tom} = (V_{ktm} + V_{kmtm} + V_{kjtm} + V_{kuyt})/n$$

massasы бойынша (ттом, кг):

$$ттом = (тктым + ткмт + тжт + ткут)/n$$

мұндағы жоғарғы индекстер "к", "к", "ж", "ку" – қыста – "қ", көктемде – "к", жазда – "ж", күзде "ку" – есептік бірлікте тиісінше қалдықтар пайда болуының тәуліктік орташа маусымдық нормативтерін білдіреді;

n – қалдықтар пайда болған маусымның саны (n=4).

9) Объектіде есептік бірлікте коммуналдық қалдықтардың пайда болуымен жинақталуының жылдық нормасын анықтау мынадай формула бойынша жүргізіледі:

көлемі бойынша (V_j , м³):

$$V_j = V_{tожх} \cdot n_k$$

massasы бойынша (тж, кг):

$$тж = ттожх \cdot n_k$$

мұндағы n_k – жылдағы күннің саны.

22. Коммуналдық қалдықтардың орташа тығыздығын анықтау, коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталуының маусымдық және тәуліктік біртекті емес коэффициентін анықтауға қосымша мынадай есеп жүргізіледі:

1) коммуналдық қалдықтардың орташа тығыздығын анықтау (gop, кг/м³) мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$q_{cp} = m/V,$$

мұндағы m және V - есептік бірлікте тиісінше массасы мен көлемі бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталуының жылдық немесе орташа маусымдық нормативтері;

2) коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталуының маусымдық біртекті емес коэффициентін (кбे) анықтау мынадай формула бойынша жүргізіледі:

көлемі бойынша:

$$Кбe = Vом/Vж$$

массасы бойынша:

$$Кбe = том/тж$$

3) коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталуының тәуліктік маусымдық біртекті емес коэффициентін анықтау мынадай формула бойынша жүргізіледі:

көлемі бойынша:

$$Кмбe = Vmax.тәу./Vом$$

мұндағы $Vmax.тәу.$ – маусымда объектідегі коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталуының ең жоғарғы тәуліктік көлемі, шаршы метр

массасы бойынша:

$$kch = tmax.тәу./том$$

мұндағы $tmax.тәу.$ – маусымда объектідегі коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталуының ең жоғарғы тәуліктік массасы, кг.

23. Накты және есептік жылдық көлемді салыстыру үшін коммуналдық қалдықтардың пайда болуы мен жинақталуының есептік бірлікте белгіленген жылдық нормативтері есептік бірліктің санына көбейтіледі. Алынған коммуналдық қалдықтардың түзілуінің есептік жылдық көлемінің айырмасы олардың дәл сол объектіде бір жыл ішінде накты жинақталуының бес пайызынан аспауға тиіс. Есепті және накты деректерде бес пайыздан артық айырма болған жағдайда коммуналдық қалдықтардың түзілуінің сараланған нормативтері олар түзілетін негізгі объектілер бойынша талап етілген қателіктермен нәтижеге шыққанға дейін түзетіледі.

Коммуналдық қалдықтардың
түзілу және жинақталу
нормаларын есептеудің
қағидаларына 1-қосымша

Тұрғын үй қоры объектілерінің және тұрғын емес үй-жайлардың түрлері

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік
1.	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын
2.	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын
3.	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын
4.	Балабақшалар, бөбекжай және басқа да мектепке дейінгі мекемелер	1 орын

5.	Мекемелер, ұйымдар, оғистер, кенселер, банктер, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер
6.	Емханалар, медициналық орталықтар	1 келіп кету
7.	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 тәсек-орын
8.	Мектептер және өзге де оку орындары	1 оқушы
9.	Мейрамханалар, дәмханалар, басқада көніл көтеретін ғимараттар және қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын
10.	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, тұнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы, интернет-кафелер, компьютерлік клубтар	1 отыратын орын
11.	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м ²
12.	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын
13.	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м ²
14.	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер	сауда алаңы 1 м ²
15.	Машиналардан сату	сауда орнының 1 м ²
16.	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м ²
17.	Өнеркәсіптік, азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м ²
18.	Тұрмыстық қызмет корсету үйі: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1 м ²
19.	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңы 1 м ²
20.	Жағажайлар, жолдардан көше сметалары	Жалпы алаңы 1 м ²
21.	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м ²
22.	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС	1 машина-орын
23.	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы
24.	Гараж кооперативтері, гараждар, паркингтер	1 гаражға
25.	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны
26.	Kip жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м ²

27.	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м2
28.	Кішігірім жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар.)	1 жұмыс орны
29.	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м2
30.	Қала аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды, саябақ қалдықтары	1000 қатысушы
31.	Бау-бакша кооперативтері	1 участке

Коммуналдық
 қалдықтардың түзілу және
 жинақталу нормаларын
 есептеудің қағидаларына
 2-қосымша
 Нысан

Тұрғын үй қоры объектісінің коммуналдық паспорты

Елді мекен, аудан, облыс _____

1. Мекенжайы _____

2. Қабаттылығы _____

3. Үйдің нөмірі _____

4. Тұрып жатқан адамдардың саны, адам _____

5. Жайлыштық деңгейі: _____

а) су құбырының, газдың, кәріздің болуы _____

б) жылу беру түрі (орталықтан, пешпен, жергілікті) _____

в) отынның түрі - көмір (тас көмір, қоңыр темір), ағаш отын, газ _____

г) қоқыс құбырының болуы _____

д) аула аумағының алаңы, м² _____

жасыл екпелер бар _____

жабыны қатты _____

оның ішінде жаяусоқпақтар _____

6. Контейнерлердің түрі, олардың саны және сыйымдылығы _____

7. Қалдықтарды шығару кезеңділігі _____

8. Тамақ қалдықтары мен қайталама шикізатты бөлек жинау жүргізіле ме (қандай және қанша) _____

9. Қайталама шикізатты шығару кезеңділігі _____

10. Тамақ қалдықтарын шығару кезеңділігі _____

11. Қауіпті қалдықтарды бөлек жинау жүргізіле ме (қандай және қанша фракция) _____

Көлдары:

Т.А.Ә. (болған жағдайда), лауазымы

Нысан

Тұрғын емес үй-жайлар объектілерінің коммуналдық паспорты

Елді мекен, аудан, облыс _____

1. Объектінің атауы _____

2. Мекенжайы _____

3. Жапсарлас салынған немесе жеке тұрған (соңғысының қабатын көрсету қажет) _____

4. Есеп айырысу бірліктерінің саны (қызметкерлер және т. б.) _____

5. Тәулігіне өткізу қабілеті: _____

ойын-сауық кәсіпорындары үшін (орын саны) _____

қоғамдық тамақтану кәсіпорындары үшін (тағам түрі) _____

6. Қызмет көрсететін персоналдың саны, адам _____

7. Үй-жайдың жалпы алаңы, м² _____

сауда алаңы _____

қоймалық және қосалқы алаң _____

8. Аула аумағының алаңы, м² _____

жасыл екпелер бар _____

жабын қатты _____

9. Контейнерлердің типі, олардың саны және сыйымдылығы _____

10. Қалдықтарды шығару кезеңділігі _____

11. Тамақ қалдықтары мен қайталама шикізатты бөлек жинау жүргізіле ме (қандай және қанша) _____

12. Қайталама шикізатты шығару кезеңділігі _____

13. Тамақ қалдықтарын шығару кезеңділігі _____

14. Қауіпті қалдықтарды бөлек жинау жүргізіле ме (қандай және қанша фракция) _____

Қолдары:

Т.А.Ә. (болған жағдайда), лауазымы

Коммуналдық қалдықтардың

түзілу және жинақталу

нормаларын есептеудің

қағидаларына

3-қосымша

Нысан

Бастапқы жазба бланкісі

(KYH1)

объектісі бойынша

(атауы, мекенжайы)

Контеинердің р/с №	Жиналған қалдықтар қабатының бінктігі, h, м	Контеинер негізінің алаңы, S, м ²	Контеинердег і қалдықтарды ң көлемі, V, h *S, м ³	Қалдықтар тиелген контеинердің массасы (қоқыс тасығыш), т ³ , кг	Б о с контеинердің массасы (қоқыс тасығыш), т ³ , кг	Контеинердег і қалдықтарды ң массасы, тконт, т ³ - тп
1						
2						
...						
Тәулік ішіндегі жидыны			Vtəy			Mtəy

Коммуналдық қалдықтардың
түзілу және жинақталу
нормаларын есептеудің
қағидаларына
4-қосымша
Нысан

Объектілердің топтары бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу мен жиналудының жиынтық айлық (маусымдық) ведомосі

20__жылғы __ бастап __ дейін
Жайлыштық типі

Қолдары

Т.А.Ә. (болған жағдайда), лауазымы

Коммуналдық қалдықтардың

түзілу және жинақталу

нормаларын есептеудің

қағидаларына

5-косымша

Нысан

Коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталуының жиынтық жылдық ведомосі

Жайлыштық типі _____

Объект	Ай	Өлшен етін бірлікт ін саны	Қалдықтардың жиналуды				Біртекті емес коэффициент	Бөлек жинау, кг				
			жалпы		өлшенетін 1 бірлікке			жалпы		1 өлшенетін бірлікке		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13

Барлығы _____

Тәулігіне орташа _____

Қолдары _____

Т.А.Ә. (болған жағдайда), лауазымы _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК